

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

Ікімат Нұрдәулет Әзіретұллаұлы

«Сериялық өндіру жағдайында қорапты шығаратын
механикалық бөлімді жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы

Б.С.Арымбеков
« 08 » 05 2021ж.



Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Сериялық өндіру жағдайында қорапты шығаратын
механикалық бөлімді жобалау»

5B071200 – «Машина жасау»

Орындаған

Ікімат Н.Ә.

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. канд-ты,
ассоц. профессор

А.Т.Альпеисов
« 08 » 05 2021ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

5B071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы

Б.С.Арымбеков
« 24 » 11 2020ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Ікімат Нұрдәулет Өзіретұллаұлы

Тақырыбы: «Сериялық өндіру жағдайында қорапты шығаратын
механикалық бөлімді жобалау»

Университет ректорының «24 қараша» 2020ж. №2131-б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «26» мамыр 2021ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері бұйымның құрастыру сызбасы,
тетіктің жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциялық карталар,
тетіктің жылдық шығару бағдарламасы, диплом жоба алдындағы
практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) бұйымның құрастыру технологиясы; б) қораптың механикалық өндеудің
технологиялық үрдістері; в) металлкескіш станоктың қондырғысың жобалау;
д) ұйымдастыру бөлімі.

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

бұйымның құрастыру сызбасы – 1А1; бұйымның жинақтау сызбасы – 1А2;
тетіктің жұмысшы сызбасы және дайындаманың сызбасы – 1А1;
технологиялық баптаулар – 2А1; металлкескіш станоктың қондырғысының
сызбасы– 1А1; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары – 1А1.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 19 амау

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, Қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	12.01.21ж. – 27.02.21ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	03.03.21ж. – 30.03.21ж.	орындалды
Ұйымдастыру бөлімі	03.04.21ж. – 25.04.21ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Ә.Ж.Жанкелді, PhD докторы, лектор	11.04.2021ж.	

Ғылыми жетекші  А.Т.Альпеисов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Н.Ә.Ікімат

Күні

« 06 » 05 2021ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобада сериялық жылдық бағдарламасы болатын қорапты шығаратын механикалық құрастыру бөлімін және қорапты механикалық өңдеу процесін жобалау қарастырылған. Бұл дипломдық жобада қораптың технологиялық процесінің маршруты негізінде орындалған. Өнімнің жылдық бағдарламасының артуына байланысты өндірісті сараптаған соң қорапты дайындау мен бәсеңдеткішті жинаудың жаңа технологиялық процесі жобаланды. Механикалық бөлімді жобалау кезінде технологиялық жабдықтарды орналастырудың технологиялық принципі негіз ретінде алды. Дипломдық жобаны орындау барысында келесі программа қолданылған: графикалық және технологиялық бөлімдерді орындауда «КОМПАС-3D.20», есептеулі-түсіндірме жазбада «Microsoft Word» программалар қолданылған.

АННОТАЦИЯ

Проект выполнен на базе разработанного маршрутного технологического процесса сборки опоры и операционного технологического процесса изготовления корпуса с серийной годовой программой выпуска.

После анализа действующего производства и в связи с увеличением годовой программы выпуска был спроектирован технологический процесс изготовления корпуса и сборки редуктора. Увеличение объема производства позволило изменить состав технологической оснастки на трудоемких операциях. При проектировании планировки механосборочного участка за основу взят технологический принцип расстановки технологического оборудования. При выполнении дипломного проекта были использованы следующие программы: «КОМПАС-3D.20» для выполнения графической и технологической частей, «Microsoft Word» - расчетно-пояснительной записки.

ANNOTATION

The project is executed on the basis of the developed routing technological process of assembly of a reducer and operational technological process of manufacturing of the shaft-gear wheel with the annual program pieces. After the analysis of operating manufacture and in connection with increase in the annual program of release up new technological process of manufacturing of a detail and assembly products has been designed.

The increase in volume of manufacture has allowed to change structure of industrial equipment on labour-consuming operations. In particular the new adaptation which reduces labour input has been designed and increases productivity of operation turning. At performance of the degree project following programs have been used: «КОМПАС-3D.20» For performance of graphic and technological parts: «Microsoft Word » - a settlement-explanatory note.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1. Бұйымды құрастыру технологиясын жобалау	8
1.2 Құрастырудың технологиялық сызбасын дайындау	9
1.3 Қорапты дайындаудың технологиялық процесін жобалау	9
1.3.1 Бөлшекті дайындауға техникалық жағдайдың талдауы	9
1.3.2 Өндіріс түріне анықтама	10
1.3.3 Қорап бөлшегін құрастырудың технологиялық талдауы	11
1.4 Дайындаманы алу әдісін таңдау	12
1.4.1 Дайындаманың өзіндік құнын есептеу	13
1.4.2 Дайындаманы өңдеу жолдарын жасау	14
1.5 Жалпы және аралық әдіптерді есептеу	15
1.6 Кесу режимдерін есептеу	17
1.7 Бөлшек өндірісінің технологиялық операцияларын қалыптастыру және еңбексыйымдылығын анықтау	27
2 Конструкторлық бөлім	31
2.1 Қондырғыны құрастыру тапсырмасына бастапқы мәліметтер	31
2.2 Қондырғы құрылымының сипаттамасы және оның жұмыс істеу принципі	31
2.3 Қондырғы өнімділігінің негіздемесі	32
2.4 Дайындамаға және қысу құрылғысының есебіне әсер ететін құраушы күшінің сұлбасы	32
2.5 Қондырғының дәлдікке есебі	33
2.6 Беріктікке есептеу	34
2.7 Қорапты өңдеуге қажетті қондырғының сипаттамасы және жұмыс істеу принципі	34
3 Механикалық бөлімді жобалау	35
3.1 Қызмет құрамын және бөлім құрылымын анықтау	35
3.2 Станоктардың санын анықтау	35
3.3 Жұмысшы санын анықтау	36
3.4 Тасымалдау құралдарын таңдау	37
3.5 Сәйкес орналастыру учаскесін жасау	37
Қорытынды	39
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	40
Қосымша	41

КІРІСПЕ

Машина жасау кешені - шаруашылықтың әр түрлі салаларына құрал-жабдық, елдің қорғаныс жағдайы үшін қару-жарақ, халыққа қажетті тауарлар (мысалы, автокөліктер теледидарлар, кір жуатын машиналар) шығарумен айқындалады. Машина жасау үшін көп мөлшерде химиялық тауарлар (пластмасса, синтетикалық талшық пен каучук, бояу) жұмсалады. Қазіргі кезде Қазақстанда машина жасау экономикалық қызметтің мынадай түрлерін қамтиды: машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдары өндірісі; компьютерлерді, электрондық және оптикалық өнім өндірісі; электр жабдығы өндірісі; басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдықтар өндірісі; автокөлік құралдары, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі; өзге де көлік құралдары өндірісі; машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату. Машина жасау бүкіл әлемде ұлттық өнеркәсіптің технологиялық деңгейінің көрсеткіші ретінде қабылданады. Қазіргі кезде Қазақстанда машина жасау экономикалық қызметтің мынадай түрлерін қамтиды: машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдары өндірісі; компьютерлерді, электрондық және оптикалық өнім өндірісі; электр жабдығы өндірісі; басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдықтар өндірісі; автокөлік құралдары, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі; өзге де көлік құралдары өндірісі; машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату. Дипломдық жоба кезінде техникалық және ұйымдастыру тапсырмаларына, сонымен қатар тетіктің материалына, технологиясына және де жасалу жолдарына ерекше көңіл бөледі. Дипломдық жобаның негізгі тапсырмасы: нақты бір бұйымды өңдеудің өндірістік процесін өз бетінше талдауды, механизмдерді құрастыру мен машина тетіктерін өңдеудің технологиялық процесін құруды, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар беруге, сонымен қатар берілген бұйым, бірлік және тетік өндірісіне альтернативті варианттардың техника-экономикалық негіздемесімен жасауды үйрету. Осы тапсырманы орындау үшін бұйымды құрастыру мен тетікті өңдеу кезінде өңдеу мен құрастырудың жаңа технологиялық әдістері, жоғары өнімді жабдықтар, типтік және топтық технологиялық процестерді қолдану, қайта орындалатын қондырғылар, замани конструкцияларды автоматтандырылған жобалау әдістер мен бұйым өндірісін қолдану ұсынылады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Бұйымды құрастыру технологиясын жобалау

Құрастырудың технологиялық процестерін жобалау үшін бастапқы мәліметтерге бұйымның құрастыру сызбасы, оны қабылдаудың техникалық жағдайлары, бұйымды шығару бағдарламасы мен бұйымның болжамды шығарылу мерзімі жатады. Бұйымды шығарудың үлкен бағдарламасында құрастырудың технологиялық процесін мұқият жасайды, кішігірім бағдарламасында – қысқа. Құрастыру амалдарының ұйымдастыру формасын таңдау негізінен бұйымның конструкциялық ерекшеліктеріне, шығарылу көлеміне және өндіріс типіне сәйкес анықталады.

Құрастыру сызбасы қажетті жобалар мен кесінділерден; бұйым бөлшектерінің сипаттізімінің; жинау кезіндегі өлшемдерден; кернеулердегі қондырулар; бұйым мен оның құраушы бөліктерінің мсасы туралы мәліметтерден тұруы тиіс.

Техникалық жағдайларда құрастырудың нақтылығын, кернеу сапасын, олардың герметикалығын, жіктердің қаттылығы, бұрандалы қосылыстарды тартып қысудағы моменттер, айналмалы бөлшектердің теңдестіру дәлдігін және басқа да мәліметтерді көрсетеді. Техникалық жағдайларда қосылыстарды орындау әдістері туралы қажетті жүйелі құрастыру туралы, бұйымды аралық және соңғы бақылау әдістері туралы келтіреді.

Құрастырылатын бұйымды зерттеу 1.1 - суретке сәйкес жалпы және түзілімдік құрастырудың технологиялық сызбасын құрумен аяқталады. Бұл сызбалар технологиялық процесті дайындаудың алғашқы кезеңі болып табылады, айқын түрде бұйым мен оның құрам бөліктерін құрастыру жолын көрсетеді. Құрастырудың реттілігіне элементтердің функционалды өзара байланысы, базалық элементтердің конструкциясы, күштік және кинематикалық берілудің монтаждау жағдайы, құрастыру соңындағы жеңіл зақымдалатын элементтердің орнатылуы, қосылатын элементтердің өлшемдері мен массалары, сонымен қатар бұйым элементтерінің өзара алмасу дәрежесі әсер етеді.

Өзара алмаспайтын бұйымдарды өндіру барысында құрастырудың реттілігіне қиылыстыру жұмыстары, аралық бөлшектеу мен қосылыстарды жинау, қосымша өңдеу, бөлшектерді тазарту мен бақылау әсер етеді. Құрастырудың технологиялық сызбасы құрастырудың технологиялық процесін кезекті жобалау үшін негіз болып табылады.

Алдымен жалпы құрастырудың сызбасын құрастырады, кейін түзілімдік құрастырудың сызбасын құрастырады. Түзілімдік құрастырудың технологиялық сызбасын бұл жағдайда параллель жасайды, бұл өндіріске дайындауда уақытты қысқартады.

Берліген тетік МЕСТ 4543-91 бойынша 35Л болат маркасынан жасалады. Бұл болат соққы жүктеме кезінде жұмыс жасайды. Таңдалған материал беттің жоғары қаттылығы мен илемділігі және де тұтқырлығымен қатар, жоғары

дәлдікті қамтамасыз ететін білік, бұрамдық, тістегеріш, жұдырықшалы жалғастырғаш және басқа да цементтелген тетіктерді жасауға арналған.

1.2 Құрастырудың ұйымдастыру түрін таңдау

Бұйымды құрастырудың бастыпқы мәліметтері, орнатылған әдістері мен өндірістің қабылданған түрін біле отыра құрастыру процесінің ұйымдық түрін таңдайды. Құрасты рудың ұйымдық түрін таңдауға бұйымның жобасы, оның өлшемі мен массасы, өндіру бағдарламасы мен уақыты әсер етеді. Құрастырудың ұйымдық түрлерін бұйым мен оның құрам бөліктері үшін жеке орнатады. Жалпы жағдайда олар әртүрлі болуы мүмкін.

Нақты бұйымды құрастырудың ұйымдық түрінің кез келген вариантын дайындау уақытын ескерумен құрастыруды орындаудың өзіндік құнын есептеу және өндірісті қажетті технологиялық пен көтеру-тасымалдау қондырғыларымен жабдықтау негізінде таңдайды. Ағынды-конвейерлік құрастыру түрін таңдауға құрастыру ыңғайлылығы мен бұйымға әртүрлі жағынан қолжетімділік әсер етеді. Аспалы конвейер, мысалы, пластинкалы типті конвейерге қарағанда орташа өлшемді күрделі бұйымдарды құрастыру үшін ыңғайлырақ. Біздің жағдайымызда бұл кілтекті ойықтарды фрезерлеу үшін призма – аз ғана мөлшердегі жиынтықтан тұратын кішігірім бұйым. Бұл бұйымның массасы көтеру-тасымалдау қондырғысын және арнайы текшелерді талап етпейді. Себебі өндіріс сериялық – ағынды-конвейерлік қондырғыны қолдану мақсатсыз болып табылады. Дұрысы шеберүстелде құрастырудың қолмен жүзеге асу түрін қабылдау.

1.3 Қорапты дайындаудың технологиялық процесін жобалау

1.3.1 Бөлшекті дайындауға техникалық жағдайдың талдауы

Тіректің корпусы негізгі бөлшек болып табылады, ол берік және қатты болуы керек, себебі оның деформациясы біліктің қисаюын, артынша тістің ұзындығы бойынша ауырлықтың біркелкі таралмауын тудыруы мүмкін. Қораптың қаттылығын мойынтірек астындағы құйылатын жерлерде орналасқан сыртқы және ішкі қабырғалармен күшейтеді. Мойынтірек үшін қақпақтың пішіні мойынтірек түрімен және оларды орнату әдісімен анықталады. Қорапты құрастыру ыңғайлы болу үшін құрамдастармен орындайды. Қораптың жеке бөлшектерін өзара бұрандамалармен (бұрама, түйреуіш) жалғайды.

Картер үшін негізгі критерий өстестік болып табылады.

Оське қатысты перпендикулярлық.

Картерге редуктордың бөлшектері молынан жағылуы үшін жақпаны толтырады.

Картер үшін негізгі ойықтардың диаметрлері болып:

- мойынтірек асты қойылатын ойықтар;
- ось асты қойылатын ойықтар;
- нығыздау асты қойылатын ойықтар.

Картерді дайындау материалы 35Л II топтағы болат – жоғары сапалы МЕСТ 977 – 88 [1]. 35Л болат орташакөміртекті, сапалы болып саналады. Машина жасаудың барлық салаларында әртүрлі бөлшектер үшін қалыптандыру мен беттік суарудан кейін қолданылады (қалыптандыру температурасы 860 – 880⁰С, жіберу 600 – 630⁰С, суыту ортасы - ауа). Ережеге сай, бұл жоғары созылымды бөлшектер: түтіктер, аралықтар, тығырықтар; цементтелген және циандалған бөлшектер: төлкелер, білікшелер, тіреуіштер, көшіргіштер, тісті дөңгелектер, иінтіректер, цилиндрлер.

1.1 Кесте - 35Л болаттың химиялық құрамы, %

Химиялық элемент	%
Кремний (Si)	0.20-0.52
Марганец (Mn)	0.40-0.90
Мыс (Cu), астам	0.30
Никель (Ni), астам	0.30
Күкірт (S), астам	0.045
Көміртек (C)	0.32-0.40
Фосфор (P), астам	0.04
Хром (Cr), астам	0.30

1.2 Кесте - Болаттың физикалық қасиеттері 35Л

σ_{-1} , МПа	σ_B , МПа	$\sigma_{0,2}$, МПа	Термиялық өңдеу, болаттың күйі
216	490	270	HB 137-166

Әдеттегімен салыстырғанда сапалы болаттың химиялық құрамы зиянды қоспалардың аз болуымен ерекшеленеді: күкірт, фосфор, хром, никель, мыс. Олар әлдеқайда төмен созылымдылықта жоғары беріктілікке ие.

Ыстықтай күйінде кесу жақсы өңделеді [1].

1.3.2 Өндіріс түріне анықтама

МЕСТ 14.0004 – 83 сәйкес, атаутізімдерінің кеңдігінең реттілігіне, тұрақтылығына және бұйымның шығарылу көлеміне тәуелді қазіргі таңдағы өндіріс әртүрлі түрлерге бөлінеді: дара, сериялық және жаппай. Шығарылу тактысының шамасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$t_e = \frac{Fa \cdot 60}{N} \quad (1.1)$$

мұндағы $Fa = 2070$ сағ – жылына білдек жұмысының жылдық қорының әрекеті;

$N = 15000$ дана – бұйымның өндірілуінің жылдық өндірістік бағдарламасы;

$t = (2070 \cdot 60) / 15000 = 41,4$ мин.

Сериялық коэффициент келесі формула бойынша анықталады:

$$K_{сер} = \frac{t_{\theta}}{T_{шт}} , \quad (1.2)$$

мұндағы $T_{дана}$ – бөлшекті өңдеудің бірлік уақыты [мин], $T_{дана} = 14$ мин.

$$K_{сер} = \frac{41,4}{14} = 3 - \text{сериялық өндіріс.}$$

1.3.3 Қорап бөлшегін құрастырудың технологиялық талдауы

Қорап машиналардың негізгі бөлшегі болып табылады және оларда әртүрлі механизмдерді орналастыру үшін қызмет атқарады. Оны жобалау кезінде беріктілік, қаттылық және герметикалық талаптарын қанағаттандыру қажет. Конструкция технологиялықты қанағаттандыруы тиіс.

Қораптық бөлшектер үшін өзара және негізгі жазықтыққа қатысты үйлестірілген нақты өңделген ойықтар жүйесінің болуы тән. Қораптық бөлшектердің конструкциясы тым әр түрлі. Олардың әртүрінен шартты түрде негізгі екі түрін көрсетуге болады: призматикалық ернементік типті корпусық бөлшектер. Біріншісі үшін дамыған сыртқы жазықтықтардың және бірнеше осьтерде негізгі ойықтардың болуы тән. Жазықтықтың екінші типті бөлшегінде әдетте олардың өңделуін жанумен анықтайтын центрленген қырнаулы немесе үйінділі негізгі ойықтардың дөңбек төселген беті болып табылады. Қораптық бөлшектер құрастыру шарты бойынша негізгі ойықтардың диаметрлік жазықтығында ажыраған күйде (мысалы бәсендеткіш қорабы) немесе алмалы-салмалы қақпақпен орындайды, мұнда біліктің тіреуіштерін бекітеді. Корпусық бөлшектер көптеген бұрандалы бекітпелі тесіктерге ие.

Қораптық бөлшекті дайындаудың техникалық жағдайы ондағы бекітілетін механизмдерді тура анықтайды. Дайындалатын бөлшектің материалы 35Л МЕСТ 977-88 болат. Біздің бөлшегіміздің массасы – 135 кг.

Конструкцияның технологиялығын талдау. Бұйым конструкциясын технологиялыққа өңдеудің жалпы ережесі стандарттармен берілген. Бұл стандарттар бұйым конструкциясын технологиялыққа өңдеудің негізгі мәселелерін, оларды шешу реттілігін, конструкцияның технологиялығының көрсеткіш жүйесін және оларды анықтау сатыларын нақтылайды.

Қораптың конструкциясы – технологиялық, себебі бөлшек ретінде түйіннің негізгі бөлшегі болып табылады, дайындау қиын емес, алайда бөлшектің дұрыс дайындалуынан барлық түйін жұмысының нақтылығы тәуелді.

Мойынтірек асты ойықты өңдеу үшін қорапты қақпағымен бірге құрастыру қажет, себебі бұл операцияны дұрыс орындауға мүмкіндік береді. Редукторда диаметрлері: Ø180Н7 (2 дана), Ø 130Н7 үш тесілген ойықтар бар – екі жақты өңдеу қажет. Өңдеудің дәлдігі 7 шақтамада өстің өстестікке қатысты шегі 0,08 мм және параллелдігі 0,028мм және беттің кедір-бұдырлығы 2,5.

Тағы өңдеуді қораптың жалғау жазықтығында 0,04 мм аралықта жүргізу қажет, беттің кемшілігі 1,6 қораптың бүйір ауытқымалы 0,063 мм аралығында және 0,03 мм жазықтықпен мойынтірек асты беттің. Осы талаптардың орындалуы төзімділікті және сәйкесінше түйіннің қызмет ету мерзімін

арттырады [1]. Сондай-ақ қораптың ажырама жазықтықтарына 0,04 мм өңдеу жүргізу керек, кедір-бұдырлық беттері 1,6 және де қораптың беттеріне мойынтіректердің астынан бүйірден соққылау шектері 0,063 мм және жазықтықпен 0,03 мм.

1.4 Дайындаманы алу әдісін таңдау

Дайындаманы алу әдісін таңдауға әсер етеді: бөлшектің материалы; оның қолданылу орны және дайындаудың технологиялық талаптары; өндірілетін көлемі мен сериялығы; беттің формасы мен бөлшектің өлшемі.

Дайындаманы таңдауда ең негізгісі минималды өзіндік құнында бөлшекті дайындау болып табылады.

Дайындаманы алудың технологиялық әдісін таңдауда машина жасау технологиясының дамуының прогрессивті тенденциялары ескеріледі. Бөлшектердің форма түзу мәселесін шешуді дайындау сатысына ауыстыру дұрысырақ және соның нәтижесінде материал шығынын азайтуға, дайын бөлшектің өзіндік құнында механикалық өңдеуге кеткен шығынның үлесін азайтуға болады.

Біздің бөлшек корпусын құю арқылы дайындаған дұрыс. Құю өндірісінің негізі химиялық құрамы (техникалық сұр шойын темірдің көміртекпен құймасы болып табылады) белгілі балқыған металды қуысы дайындама немесе бөлшек конфигурациясы күйінде болатын құю формасына құю жолымен дайындаманы немесе бөлшектерді алудан тұрады. Салқындау барысында құйылған металл қатайды және қуыс формасының конфигурациясын сақтайды. Құйылған дайындамалар (құйындылар) ары қарай механикалық өңдеуге ұшырайды.

Құю өндірісінің маңызды міндеті формасы мен өлшемі бойынша дайын бөлшекке жақын құйынды алу болып табылады, бұл кесу арқылы өңдеуді қысқартады.

Салыстыру үшін дайындама алудың екі әдісін таңдаймыз. I – құм-сазды формаларға құю $K_{BT}=0,7$; II – қалыпқа құю $K_{BT}=0,8$.

1. Дайындаманың масссын анықтаймыз[2]

$$G_{заг} = \frac{G_{д}}{K_{вт}} \quad (1.3)$$

мұндағы $G_{дай.}$ – дайындама массасы;

$G_{б.}$ – бөлшектің массасы;

$K_{вт.}$ – коэффициент.

$$G_{заг} = \frac{135}{0,7} = 193 \text{ кг.}$$

2. Дайындаманың массасын анықтаймыз [2]

$$G_{заг} = \frac{G_{д}}{K_{вт}}, \quad (1.4)$$

$$G_{заг} = \frac{135}{0,8} = 169 \text{ кг.}$$

1.4.1 Дайындаманың өзіндік құнын есептеу

1 Құм-сазды формадағы құйындының құнын есептеу келесі формула бойынша анықталады:

$$S_{пок} = \left(\frac{C_i}{1000} \cdot Q \cdot k_1 \cdot k_2 \cdot k_3 \cdot k_4 \cdot k_5 \right) - (Q - q) \cdot \frac{S_{отх}}{1000} \quad (1.5)$$

мұндағы C_i - қалыптаманың негізгі бағасы (80000 тг.тонна үшін);

Q - дайындаманың массы;

$k_1 = 1,03$ - коэффициент, құйындының бірдейлігіне тәуелді (2 класс дәлділік);

$k_2 = 2,21$ - коэффициент, құйынды материалының маркасына тәуелді (Ст. 35Л);

$k_3 = 0,83$ - құйындының күрделілігінің коэффициенті (2 топ күрделілік);

$k_4 = 0,78$ - дайындама массасына тәуелді коэффициент;

$k_5 = 0,77$ - өндіріс сериялығына тәуелді коэффициент.

$$S_{пок} = \left(\frac{80000}{1000} \cdot 193 \cdot 1,03 \cdot 0,83 \cdot 0,78 \cdot 2,21 \cdot 0,77 \right) - (193 - 135) \cdot \frac{8000}{1000} = 17056 \text{ тг.}$$

2. Қалыптағы құйындының құнын есептеу келесі формула бойынша анықталады:

$$S_{пок} = \left(\frac{C_i}{1000} \cdot Q \cdot k_1 \cdot k_2 \cdot k_3 \cdot k_4 \cdot k_5 \right) - (Q - q) \cdot \frac{S_{отх}}{1000}, \quad (1.6)$$

мұндағы C_i - қалыптаманың негізгі бағасы (80000 тг.тонна үшін);

Q - дайындаманың массы;

$k_1 = 1,05$ - коэффициент, құйындының бірдейлігіне тәуелді (2 класс дәлділік);

$k_2 = 1,04$ - коэффициент, құйынды материалының маркасына тәуелді (Ст. 35Л);

$k_3 = 0,93$ - құйындының күрделілігінің коэффициенті (2 топ күрделілік);

$k_4 = 1$ - дайындама массасына тәуелді коэффициент;

$k_5 = 1$ - өндіріс сериялығына тәуелді коэффициент.

$$S_{пок} = \left(\frac{80000}{1000} \cdot 169 \cdot 1,05 \cdot 0,93 \cdot 1 \cdot 1 \right) - (169 - 135) \cdot \frac{8000}{1000} = 12930 \text{ тг.}$$

Салыстыру үшін барлық мәліметтерді 3 кестеге енгіземіз.

1.3 Кесте - Дайындамалардың сипаттамалары

№	Атауы	Шартты белгісі	Дайындаманы алу әдісі	
			I	II
1	Бөлшектің массасы	G д.	135 кг	
2	Дайындаманың массасы	Gзаг.	193 кг	169
3	Материалды пайдалану коэффициенті	K вт.	0,7	0,8
4	1 т бағасы	C_i	80000тг.	
5	Өзіндік құны	S	17056т г.	12930тг.

1.3 кестеден қалыпқа құю арқылы II әдіспен алынған дайындама арзанырақ болатынын көруге болады. Осының негізінде дайындама өндірісінің II әдісін қабылдаған дұрыс.

1.4.2 Дайындаманы өңдеу жолдарын жасау

“Қорап” типті бөлшектерді жасаудың технологиялық процестерін құрастыруда, бұған дипломдық жұмыста қарастырылатын “картер” жатады, “қарапайымнан күрделіге” принципі жүзеге асады. Келесі технологиялық операция 1-2 квалитеттен жоғары дәлдікке ие, ал кемшілігі 1-2 класқа төмен алдыңғыға қарағанда.

1. Негізгі жазықтықты өңдеу (негізгі жазықтықтар);

2. Негізгі жазықтықта үш ойықты бұрғылау және жазу.

Негізгі жазықтықты өңдеу үшін осы жазықтық пен ондағы екі ойықтың өңделуін қамтамасыз ететін алғашқы құйма негіздер қолданылады. Корпустық бөлшектердің ары қарайғы өңдеулерін сызба бойынша орындау керек, сызбаға келесідей процестер кіреді:

- фрезерлеу немесе тесу арқылы сызбаның талабына сәйкес бір немесе екі өткелге алғашқы және соңғы өңдеу;
- қораптың бөлшектің негізгі ойықтарын алғашқы және соңғы қашау;
- кішігірім орташа жазықтықтарды фрезерлеу, негізінен бір өткелге;
- қорап бөлшектің әр жағынан ұсақ ойықтарға бұрғылау, зенкерлеу, нақыштау, жазу;
- негізгі анық ойықтарды жұқа қашап теізтеумен немесе хонингтеу арқылы, ПБД (Пластикалық беттік деформация) қолдануға болады, соңғы өлшемге дейін жетілдіру;
- бүйір бетінің қатаң перпендикулярлығы талабы жағдайында, егер жазықтық тік формада болса ойық осіне фрезерлеумен, тегістеумен немесе керу арқылы бұл дөңбектерді жетілдіреді. Бұл кезде анық ойық негіз болып табылады [3].

1.5 Жалпы және аралық әдіптерді есептеу

Әдіп – бөлшектің өңделген бетіне қажетті қасиет беру мақсатында дайындама бетінен алынған материал қабаты. Әдіп өңдеуге сәйкес анықтамалық кестелер, МЕСТ бойынша немесе әдіпті анықтауда аналитикалық әдісті есептеу негізінде тағайындалуы мүмкін [4].

Қарама-қарсы жатқан бетті параллель өңдеу кезінде (екіжақты әдіп)

$$2z_{i \min} = 2[(Rz + h)_{i-1} + \Delta_{\Sigma i-1} + \varepsilon_i], \quad (1.7)$$

Сыртқы және ішкі беттерді өңдеу кезінде (екіжақты әдіп)

$$2z_{i \min} = 2[(Rz + h)_{i-1} + \sqrt{\Delta_{\Sigma i-1}^2 + \varepsilon_i^2}], \quad (1.8)$$

мұндағы Rz_{i-1} – алдыңғы ауысуда пішін бұдыры биіктігі;

h_{i-1} – алдыңғы ауысуда ақаулы беттік қабаттың тереңдігі;

$\Delta_{\Sigma i-1}$ – беттің орналасуының қосынды ауытқуы және кейбір жағдайларда бет формасының ауытқуы (алдыңғы ауысуда жазықтықтан, тіксызықтықтан ауытқу);

ε_i - орындалатын ауысуда дайындаманы орнатудың қателігі.

Есептеуді орындау реті.

Ойықты есептеу Ø130Н7.

5 (бағана №8) кестеге дәлдік қалыпты бойынша барлық операциялар үшін Ø130 мм диаметрге шек қоямыз.

Алғашқы – 12;

Соңғы – 10;

Жұқа – 7;

5 (2 және 3 бағана) кестеге барлық операция үшін кемшілік R_z пен ақаулы қабаттың тереңдік h мәнін қоямыз.

Бір операция бетінің ауытқу формасын табамыз

$$\Delta_{\varepsilon} = \sqrt{\Delta_{кор}^2 + \Delta_n^2}, \quad (1.9)$$

$$\Delta_{кор} = \Delta_k \cdot L \quad (1.10)$$

мұндағы $\Delta_k = 1$;

$L = 60$ мм;

$\Delta_n = 6$;

$\Delta_{кор} = 1 \cdot 60 = 60$ мм

$$\Delta_{\varepsilon} = \sqrt{60^2 + 6^2} = 600 \text{ мкм}$$

Қалған операциялар үшін кеңістіктік ауытқуды табамыз да 5 кестеге (4 бағана) по [4 бет 190] енгіземіз.

$$p = 0.05 \cdot 600 = 30;$$

Алғашқы $p = 0.06 \cdot 600 = 36 \text{ мкм};$

Соңғы $p = 0.05 \cdot 600 = 30 \text{ мкм};$

Жіңішке $p = 0.04 \cdot 600 = 24 \text{ мкм}.$

$Z_{\min B}$ операциясы бойынша әдіпті табамыз 5 кесте (6 бағана) формула (6).

Құйынды $2z_{i\min} = 2[(200 + 200) + 600] = 2000 \text{ мкм};$

Алғашқы $2z_{i\min} = 2[(50 + 50) + 36] = 272 \text{ мкм};$

Соңғы $2z_{i\min} = 2[(20 + 20) + 30] = 140 \text{ мкм};$

Жіңішке $2z_{i\min} = 2[(5 + 5) + 24] = 68 \text{ мкм};$

Табамыз $D_{i\min} = D(i+1)_{\min} - Z(i+1).$

Мәліметтерді кестеге қоямыз 5 (бағана №7)

Табамыз $D_{i\max} = D_{i\min} + IT_i.$

Мәліметтерді кестеге қоямыз (бағана №8).

Шекті әдіпті табамыз $z_{i\min}$ және $z_{i\max}$:

$z_{i\min} = D(i+1)_{\min} - D_{i\min}$ (бағана №12)

$z_{i\max} = D(i+1)_{\max} - D_{i\max}$ (бағана №11)

Тексеру: $\Sigma z_{i\min} - \Sigma z_{i\max} = T_{\text{заг}} - T_{\text{дет}}$

$4000 - 2440 = 1560 \text{ мкм};$

$1600 - 40 = 1560 \text{ мкм};$

$1560 = 1560$ әдіп пен аралық өлшемдердің есептеулері дұрыс жүргізілген.

1.4 Кесте - Ойықтың Ø130H7 әдіпі мен аралық өлшемдері

Өңдеу жолы	Әдіп элементтері, мкм				Есептеу шамалары		Орындалатын өлшемдердің шегі, мкм	Ауысу бойынша дайындаманың қабылданған (соңғы) өлшемдері		Шекті әдіп, мкм	
1	2			5	6	7	8	9	10	11	12
	Rz				Әдіп Z_i	$D_{\min}$ $D_{\max}$	IT	$D_{\max}$	$D_{\min}$	$Z_{i\min}$	$Z_{i\max}$
Құйынды	200	00	00	-	2000	126	1600	127,6	126		

1.4 кестенің жалғасы

Өңдеу жолы	Әдіп элементтері, мкм				Есептеу шамалары		Орындалатын өлшемдердің шегі, мкм	Ауысу бойынша дайындаманың қабылданған (соңғы) өлшемдері		Шекті әдіп, мкм	
Алғашқы жону	50	0	6		2000	128	400	128	128,4	400	2400
Соңғы жону	20	0	0		272	129,728	160	129,7	129,86	1700	1460
Жұқа жону	5		4		140	129,86	40	130,04	130	340	140

Қалған барлық өңделетін беттерге әдіптерді кесте бойынша тағайындау қажет.

1.6 Кесу режимдерін есептеу

Кез келген операция үшін кесу режимін алдын ала анықтау бұл тереңдік, берілу мен кесу жылдамдығының әлдеқайда оңтайлы үйлесуін табу. Бұл үйлесімділік станок қуаты мен құрал құнын максималды пайдалануда дайындаманы тиімді өңдеумен қамтамасыз етуі тиіс. Кесу тереңдігі t : алғашқы өңдеу кезінде (алдын ала) мүмкіндігінше максималды t береді, ол өңдеудің барлық әдібіне немесе оның көп бөлігіне тең; соңғы өңдеу кезінде (шешуші) - өңделген беттің өлшемі мен кемшілігіне байланысты.

Беріс S : алғашқы өңдеуде СҚҚТ жүйесінің қаттылығы мен беріктілігінен, станок желісінің қуатынан, қатты балқытылған пластинка беріктілігінен және басқа да шектеулі факторлардан максималды мүмкін берілуді таңдайды; соңғы өңдеуде – өңделген беттің талап етілген дәлдігі мен кемшілігіне байланысты.

Кесу жылдамдығы v : өңдеудің әр түріне орнатылған эмпирикалық формула арқылы есептейді, жалпы түрі:

$$v = \frac{C_v}{T^m t^x S^y} \cdot K_v \quad (1.11)$$

Бұл формуладағы C_v коэффициентінің шамасы мен дәреже көрсеткіші өңдеудің осы түріне арналған құралдың тұрақтылық периоды T сияқты кестеде келтірілген. Кесудің есептелген жылдамдығы кесудің нақты тереңдігін, берілу мен тұрақтылықты ескереді және басқа факторлардың белгілі кестелік шамаларында. Сондықтан кесу жылдамдығының v нақты шамасын алу үшін нақты айтылған факторларды ескере отыра түзету коэффициенті K_v енгізіледі.

T тұрақтылық – өңдеудің әртүрлі түрлеріне келтірілген құралдың мұқалуға дейінгі жұмыс периоды, бірқұралдық өңдеуге сәйкес келеді [5].

Операциялар: жонылған Ø130Н7, болат 35Л, $\sigma_B=490$ МПа.

Құрал: МЕСТ 18882-73 бойынша қатты құймадан тұратын $\varphi = 60^0$

бұрышты қашағыш-жонғыш кескіш.

I – алғашқы:

Кесу тереңдігі $t = 2,5$ мм

Беру $S = 0,7$ мм/об

Кесу жылдамдығы

$$v = \frac{C_v}{T^m t^x S^y} \cdot K_v, \quad (1.12)$$

$$K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi} \cdot K_r, \quad (1.13)$$

мұндағы K_{mv} - өңделген материалдың сапасын ескеретін коэффициент.

$$K_{mv} = K_r \left(\frac{750}{\sigma_b} \right)^{nv}; \quad (1.14)$$

мұндағы $K_r = 1$;

$nv = 1$;

$$K_{mv} = 1 \left(\frac{750}{490} \right)^1 = 1.53$$

K_{nv} - дайындама бетінің күйін көрсететін коэффициент = 1;

K_{uv} - құралдың сапасын ескеретін коэффициент = 0,8;

K_{φ} – жоспарда бас бұрышқа тәуелді коэффициент = 0,9;

K_r - кескіш шыңының радиусына тәуелді коэффициент = 1

$$K_v = 1.53 \cdot 1 \cdot 0.8 \cdot 0.9 \cdot 1 = 1.1$$

мұндағы $C_v = 420$, $m = 0.2$, $y = 0.2$, $x = 0.15$.

$$V = \frac{420}{60^{0.2} \cdot 2.5^{0.15} \cdot 0.7^{0.2}} \cdot 1.1 = 190 \text{ м/мин}$$

Станок айналдырығының айналу жиілігі

$$n = \frac{1000V}{\pi D}, \quad (1.15)$$

$$n = \frac{1000 \cdot 190}{3.14 \cdot 130} = \frac{190000}{408.2} = 465.5 \text{ айн/мин}$$

Қабылдаймыз $n = 470$ айн./мин.

Кесу күші

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot S^y \cdot V^n \cdot K_p, \quad (1.16)$$

мұндағы $C_p = 300$; $x = 1$; $y = 0,75$; $n = 0,15$ [5 кесте 22, 273 бет]

$$K_p = K_{mv} \cdot K_{\varphi p} \cdot K_{\gamma p} \cdot K_{\lambda p} \cdot K_{\tau p}, \quad (1.17)$$

$$K_{mv} = \left(\frac{\sigma_b}{750} \right)^n, \quad (1.18)$$

мұндағы $n = 0.7$

$$K_{mv} = \left(\frac{490}{750} \right)^{0.75} = 0.73$$

мұндағы $K_{\text{фр}} = 0,94$ [5 кесте 23, 275 бет]

$K_{\text{yp}} = 1,1$ [5 кесте 23, 275 бет]

$K_{\lambda\text{p}} = 0,98$ [5 кесте 23, 275 бет]

$K_{\text{гp}} = 0,93$ [5 кесте 23, 275 бет]

$K_p = 0,73 \cdot 0,94 \cdot 1,1 \cdot 1 \cdot 0,93 = 0,7$

$P_z = 300 \cdot 2,5^1 \cdot 0,7^{0,75} \cdot 190^{-0,15} \cdot 0,7 = 300 \cdot 2,5 \cdot 0,76 \cdot 0,46 \cdot 0,7 = 1835 \text{ H}$

Кесу қуаты кВт келесі формуламен есептеледі [5 кесте 271 бет]

$$N = \frac{P_z \cdot V}{1020 \cdot 60}, \quad (1.19)$$

$$N = \frac{1895 \cdot 190}{1020 \cdot 60} = 5,7 \text{ кВт}$$

Станоктың қажетті қуаты

$$N_{\text{см}} = \frac{N}{\eta}; \quad (1.20)$$

мұндағы $\eta = 0,75$ - станоктың ПӘК

$$N_{\text{см}} = \frac{5,7}{0,75} = 7,3 \text{ кВт}$$

Бұл операциялар үшін сәйкес станокты таңдаймыз: горизонталді-жоңғыш станок 2М615; $N = 7,5$ кВт; $n = 20-1600$ айн./мин [5 кесте 14, 24 бет]

II – тазалай

Кесу тереңдігі $t = 1$ мм;

Берілу $S = 1$ мм/айн.;

Құралдың тұрақтылығы $T = 60$ мин

Кесу жылдамдығы

$$v = \frac{C_v}{T^m t^x S^y} \cdot K_v, \quad (1.21)$$

$$K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi} \cdot K_r, \quad (1.22)$$

мұндағы K_{mv} - өңделген материалдың сапасын ескеретін коэффициент.

$$K_{mv} = K_r \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{nv}, \quad (1.23)$$

мұндағы $K_r = 1$; $nv = 1$.

$$K_{mv} = 1 \left(\frac{750}{490} \right)^1 = 1,53$$

K_{nv} - дайындама бетінің күйін көрсететін коэффициент = 1;

K_{uv} - құрал материалының сапасын ескеретін коэффициент = 0,8;

K_{φ} - жоспарда бас бұрышқа тәуелді коэффициент = 0,9;

K_r - кескіш шыңының радиусына тәуелді коэффициент = 1

$$K_v = 1,53 \cdot 1 \cdot 0,8 \cdot 0,9 \cdot 1 = 1,1$$

$$C_v = 420; m = 0.2; y = 0.2; x = 0.15;$$

$$v = \frac{420}{60^{0.2} \cdot 1^{0.15} \cdot 1^{0.2}} \cdot 1.1 = 203.5 \text{ м/мин}$$

Станок айналдырығының айналу жиілігі

$$n = \frac{1000V}{\pi D}, \quad (1.24)$$

$$n = \frac{1000 \cdot 203.5}{3.14 \cdot 130} = 498.5 \text{ айн./мин}$$

Қабылдаймыз $n=500$ айн./мин

Кесу күші

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot s^y \cdot V^n \cdot K_p \quad (1.25)$$

мұндағы $C_p = 300$; $x = 1$; $y = 0.75$; $n = 0.15$ [5 кесте 22, 273 бет]

$$K_p = K_{mv} \cdot K_{\phi p} \cdot K_{\gamma p} \cdot K_{\lambda p} \cdot K_{rp}, \quad (1.26)$$

$$K_{mv} = \left(\frac{\sigma_6}{750} \right)^n, \quad (1.27)$$

мұндағы $n = 0.75$

$$K_{mv} = \left(\frac{490}{750} \right)^{0.75} = 0.73$$

$K_{\phi p} = 0.94$ (23 кесте, 275 бет,

$K_{\gamma p} = 1.1$ (23 кесте, 275 бет,

$K_{\lambda p} = 0.98$ (23 кесте, 275 бет,

$K_{rp} = 0.93$ (23 кесте, 275 бет,

$K_p = 0.73 \cdot 0.94 \cdot 1.1 \cdot 1 \cdot 0.93 = 0.7$

$$P_z = 300 \cdot 1^1 \cdot 1^{0.75} \cdot 203.5^{-0.15} \cdot 0.7 = 300 \cdot 0.45 \cdot 0.7 = 945 \text{ Н}$$

Кесу қуаты кВт келесі формула бойынша есептеледі [5 бет 271]

$$N = \frac{P_z \cdot V}{1020 \cdot 60}, \quad (1.28)$$

$$N = \frac{94.5 \cdot 203.5}{1020 \cdot 60} = 3.14 \text{ кВт}$$

Станоктың қажетті қуаты

$$N_{cm} = \frac{N}{\eta}, \quad (1.29)$$

мұндағы $\eta = 0.75$ - станоктың ПӘК

$$N_{cm} = \frac{3.14}{0.75} = 4.2 \text{ кВт}$$

Бұл операциялар үшін сәйкес станокты таңдаймыз: горизонталді-жоңғыш станок 2М615; $N=7.5$ кВт; $n=20-1600$ айн./мин [5 кесте 14,24 бет]

III – жұқа

Кесу тереңдігі $t = 0.5$ мм;

Берілу $S = 0.2$ мм/об;

Құралдың тұрақтылығы $T = 60$ мин

Кесу жылдамдығы

$$v = \frac{C_v}{T^m t^x s^y} \cdot K_v, \quad (1.30)$$

$$K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi} \cdot K_r, \quad (1.31)$$

мұндағы K_{mv} - өңделген материалдың сапасын ескеретін коэффициент.

$$K_{mv} = K_r \left(\frac{750}{\sigma \theta} \right)^{nv}, \quad (1.32)$$

мұндағы $K_r = 1$; $nv = 1$.

$$K_{mv} = 1 \left(\frac{750}{490} \right)^1 = 1.53;$$

K_{nv} - дайындама бетінің күйін көрсететін коэффициент = 1;

K_{uv} - құрал материалының сапасын ескеретін коэффициент = 0,8;

K_{φ} - жоспарда бас бұрышқа тәуелді коэффициент = 0,9;

K_r - кескіш шыңының радиусына тәуелді коэффициент = 1;

$$K_v = 1.53 \cdot 1 \cdot 0.8 \cdot 0.9 \cdot 1 = 1.1$$

$$C_v = 420; m = 0.2; y = 0.2; x = 0.15;$$

$$v = \frac{420}{60^{0.2} \cdot 0.5^{0.15} \cdot 0.2^{0.2}} \cdot 1.1 = 323 \text{ м/мин}$$

Станок айналдырығының айналу жиілігі

$$n = \frac{1000V}{\pi D}, \quad (1.33)$$

$$n = \frac{1000 \cdot 323}{3.14 \cdot 130} = 791.3 \text{ айн/мин}$$

Қабылдаймыз $n = 800$ айн./мин

Кесу күші

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot s^y \cdot V^n \cdot K_p, \quad (1.34)$$

Мұндағы $C_p = 300$; $x = 1$; $y = 0.75$; $n = 0.15$ [5 кесте 22, бет 273]

$$K_p = K_{mv} \cdot K_{\varphi} \cdot K_{\gamma p} \cdot K_{\lambda p} \cdot K_{\rho}, \quad (1.35)$$

$$K_{mv} = \left(\frac{\sigma \theta}{750} \right)^n, \quad (2.36)$$

мұндағы $n = 0.75$

$$K_{mv} = \left(\frac{490}{750} \right)^{0.75} = 0.73$$

$K_{\varphi} = 0.94$; [5 23 кесте, 275 бет]

$K_{\gamma p} = 1.1$; [5 23 кесте, 275 бет]

$K_{\lambda p} = 0.98$; [5 23 кесте, 275 бет]

$K_{rp} = 0,93$; [5 23 кесте, 275 бет]

$K_p = 0,73 \cdot 0,94 \cdot 1,1 \cdot 1 \cdot 0,93 = 0,7$

$$P_z = 300 \cdot 0,5^1 \cdot 0,2^{0,75} \cdot 323^{-0,15} \cdot 0,7 = 132,3 \text{ Н}$$

Кесу қуаты кВт келесі формула бойынша есептеледі [5 бет 271]

$$N = \frac{P_z \cdot V}{1020 \cdot 60}, \quad (1.37)$$

$$N = \frac{13,23 \cdot 323}{1020 \cdot 60} = 0,7 \text{ кВт}$$

Станоктың қажетті қуаты

$$N_{cm} = \frac{N}{\eta}, \quad (1.38)$$

мұндағы $\eta = 0,75$ - станоктың ПӘК

$$N_{cm} = \frac{0,7}{0,75} = 0,93 \text{ кВт}$$

Бұл операциялар үшін сәйкес станокты таңдаймыз: горизонталді-жоңғыш станок 2М615; $N=7,5$ кВт; $n=20-1600$ айн./мин [5 кесте 14,24 бет].

1.5 Кесте - Басқа беттер үшін кесу режимі

Операция	Беттің кемшілігі	Алынатын қабаттың қалыңдығы, мм.	Беріліс S мм/айн.	Жылдамдық V м /мин.
Жоңғыш	Ra = 0,08			
Ойықты жону				
Ø180 мм				
Алғашқы		2	0,7	190
Соңғы		1	1	203,5
Жұқа		0,5	0,2	323

Фрезерлік операция.

Дайындама дөңбегін 140 өлшемге фрезерлеу,

Құралдар: қатты құймадан саптамалы тісті дөңбекті Т15К6, $D_{фр1}=500$ мм, $D_{фр2}=300$ мм, $z=6$ по ГОСТ 9304-72.

Жұмыс жүрісінің ұзындығы:

$$L_{px} = L_{рез} + y + L_{дон}, \quad (1.39)$$

мұндағы $L_{рез} = 200$ мм – кесу ұзындығы;

$y = 44$ мм – құралдың жеткізу, кірекесу және берілу ұзындығы;

$L_{дон} = 15$ мм – жөндеудің ерекшелігінен туындаған қосымша жүрістің ұзындығы, мм.

$$L_{px} = 200 + 44 + 15 = 259 \text{ мм}$$

Кесу тереңдігі $t = 2,5$ мм.

Берілу әдебиет бойынша [5]:

$$S_z = 0,22 \text{ мм/зуб};$$

$$S_o = 1,12 \text{ мм/об}.$$

Кесу жылдамдығын есептеуді кесудің ең үлкен ұзындығына жүргіземіз:

$$v = \frac{C_v \cdot D^{0,25}}{T^{0,2} \cdot t^{0,15} \cdot S^{0,4} \cdot z^{0,1} \cdot B^{0,1}} \cdot K, \quad (1.40)$$

мұндағы $C_v=197$;

